

Также можно отметить еще два немаловажных фактора:

- недостаточное методическое обеспечение;
- отсутствуют реальные возможности помочь семьям в трудной жизненной ситуации (нет действенных методов воздействия на семью, нормативно-правовых механизмов; собственная безопасность и безопасность семьи под угрозой при работе с такими клиентами). В целом проблемы социальных педагогов схожи с трудностями всех специалистов сферы воспитания.[2]

Негативные факторы, «тормозящие» достижение воспитательных эффектов, следующие:

- многое декларируется, но не осуществляется на практике;
- отсутствует единообразие в понимании результативности работы на разных административных уровнях;
- доминируют формальные мероприятия с участием как детей, так и педагогов;
- ведется «борьба» за рейтинг образовательного учреждения и др.

Таким образом, несмотря на вышеперечисленные трудности, современная школа представляет собой социально и личностно развивающую, образовательно-воспитательную систему, создающую условия для социального становления человека, развития разносторонней, творческой личности, включенную в систему общественных отношений

Литература:

1. Кадырова Е.П. современные проблемы педагогической науки и образования // Успехи современного естествознания. – 2010. – № 3. – С. 69-71.

2. Сальцева С.В. социально-педагогические приоритеты современного отечественного образования как гарант безопасности жизнедеятельности человека // Современные проблемы науки и образования. – 2018. – № 1.

Махметқанова Е.Е., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, БМ011100-Информатика мамандығы, магистрант
(*Ғылыми жетекші - п.ғ.к., доцент м.а. Ошанова Н.Т.*)

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША НЕГІЗГІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ

XXI ғасыр ақпараттық қоғам табылдығына аяқ басқан сәттен-ақ республикалық білім берудің жүйесі, яғни білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі қолға алына бастады. Заман талабы оқу үдерісінде компьютерлік технологияны енгізуді, оны кең көлемде қолдануды қажет етеді.

Қазақстанда білім сапасын бағалау әлі де бақылаушы және басқару органдарының бақылау қызметі ретіндегі іс-әрекет болып отыр. Ол сыртқы бақылау-тестілеу, бақылау үзігі және аттестациялау, лицензиялау арқылы жүзеге асырылады. Білім сапасын бақылау сол оқу орындарының өзімен жүргізіледі.

Атап айтқанда, оқушылардың күнделікті және жылдық үлгерімі, көшірілу және мемлекеттік емтихандар қорытындысы, оқу-тәрбие үрдісінің жеке параметрлерінің жағдайын талдау. Тек соңғы жылдары біздің мемлекеттің дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енуіне байланысты. Шет елдің тәжірибені зерттеу және білім сапасын бағалауда білім сферасындағы салыстырмалы талдау жүргізу нәтижесінде белгілі бір жүйелілік қалыптасып, жаңа әдістер мен іс-әрекеттер қолданыла бастады.

Осыған орай оқу мекемелерінің өзін-өзі бағалау процедуралары кеңінен енгізіле бастады. Сонымен қатар сыртқы бағалаудың жаңа түрлері енгізілуде, ол 4, 9-сыныптардың мемлекетаралық бақылау (МАБ), орта білім берудің жеке деңгейлерінің аяқталуынан кейін оқушылардың академиялық білімдерін (МАБ) мемлекетаралық бақылау және орта білім мектептерінің түлектеріне арналған “Бірыңғай Ұлттық Тестілеу” (БҰТ).

Осы жоғарыдағы аталған мәселелерге байланысты сыныптар аралығында оқушылардың білімдерін бағалауды білім сапасын басқарудың бір критерийі. Дәстүр бойынша оқушының оқу жетістігі – меңгертілу деңгейі балдық бағалар мен бағаланатын білім, білік және дағдыларды жинақтау үрдісінде меңгерілетіндердің көлемінің өсуі, олар жалпы пән бойынша (жалпы пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер ретіндегі пәндік компетентіліктер) және әрбір сынып бойынша (жеке оқу курстарын оқытудан күтілетін нәтижелер ретіндегі) білім, білік және дағдылар тізбесі көрініс береді [1].

Білім сапасын бағалау үшін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен олардың белгіленген стандартқа сәйкестілігі пайдаланылады. Шындығында, білім сапасы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау арқылы белгіленеді, яғни бағалау – білім сапасын басқарудағы негізгі критерий. «Оқушы жетістіктері» ұғымы білімнің құндылығы мен мақсатына және оның мазмұнына өзара байланысты.

Оқушылардың оқу жетістіктерінің өлшеуіштерін анықтау үшін немесе бағалау үшін өлшеу қажет. Өлшеу іс-әрекет бақылауды, тексеруді, бағалауды қамтиды. Өлшенетін мақсаттар мен оқыту нәтижелерінің тепе-теңдігі оқыту сапасының критерийі, ал оның көрсеткіші оқушылардың оқу материалын меңгерудің белгілі бір деңгейіне жетуі болып табылады. Бағалау жүйесінің объективтілігіне диагностикалық маңыздылығына көңіл бөлінуі қажет.

Оқушының оқу жетістігін өлшеу дәлдігі оның білімдік жетістіктерімен тұлғалық жетістіктерінің сапасына әсер ететінін байқауға болады. Ол үшін оқушының оқу жетістіктерінің өлшеуіштері мазмұны мен құрылымы жағынан ұтымды тындалуы тиіс. Өлшеуіштерге оқушы жетістіктерінің сапалық және сандық сипатының алдын ала берілген параметрлері білім салалары бойынша оқушылардың оқу дайындықтарының деңгейін айқындайтын құралдар мен тәсілдер жатады. Педагогикалық өлшеуіштер тәсілдерінің ішінде ең көп тарағандары бақылау, білімді ауызша тексеру формасы, білімді тексерудің жазбаша формасы, интервью түріндегі әңгімелесу, сауалнама т.б.[2].

Оқытудың әрбір сатысы бойынша анықталған нәтижелерге оқушылардың жетуін, жетістіктерін бағалау мақсатында қорытынды бақылау жүргізу үшін бақылау жұмыстары, тест формасындағы тексеру құралдары жасалады. Ал оқушылардың білім салалары бойынша интеграцияланған оқу жетістіктерін, яғни білімдік оқу жетістіктерін сүзгіден өткізу өлшеуіш-тапсырмалар жүйесі арқылы жүзеге асырылып, бағаланады.

Қазіргі кезде тест бағалау формасын тәжірибеден өткізген шет ел мамандары олқылықтарды жою үшін, өткен ғасырдың 80 жылдарынан бастап түзету іздестіруде. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың бір шешімі ретінде АҚШ-та портфолио идеясы кең өріс ауда. Ал Ресейде болса бүгінгі күнде бұл бағалау әдісі қолданылып та келеді.

Орта мектептің мәселелерін қамтитын информатика бөлігін мектеп информатикасы деп атайды. Кеңестік дәуір кезіндегі әдебиетке бұл термин алғаш рет 1979 жылы А.П. Ершовтың жетекшілігімен жарық көрген: «Мектеп информатикасы – тұжырымдамалары, жағдайы және болашағы» атты іргелі еңбегі арқылы енгізілді. Онда мектеп информатикасы мектептегі оқу процесінде ЭЕМ-ді қолдануды зерттейтін және бағдарламалық, техникалық, оқуәдістемелік және ұйымдастыру арқылы қамтамасыз ететін информатиканың бір тармағы ретінде анықталды. Қазіргі информатика курсы дүниежүзілік педагогика ісінде теңдесі жоқ құбылыс саналады.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Бұлар оқушының жеке қасиетін аша отырып, оқушының танымдық күшін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасайды. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады. Қазіргі кезде білім мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігі қашан да анық. Қазіргі кезде білім беру үрдісінде көптеген технологиялар қолданылады. Соның бірі «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын басшылыққа алдым. Бұл бағдарламаның мені қызықтырғаны, баланың өзі ізденіп, дәлелдеуі. Ол бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартының «Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау» бөлімінде оқушының оқу жетістігін бағалау жүйесіне ішкі және сыртқы бағалау енген. Сыртқы бағалау 4-сыныпты аяқтағаннан кейін (аралық мемлекеттік бағалау) өткізіледі. Ішкі бағалауға оқу нәтижесін бағалау мен бақылаудың мынадай түрі енеді: 1) ағымдық бағалау; 2) аралық; 3) қорытынды. Оқушының оқу жетістігін бағалау түрі: а) келісілген балдық жүйе, б) портфолио. 1-сынып оқушысының оқу жетістігі бағасыз жүйемен, 2-сыныптан оқу нәтижесін бағалау балдық жүйемен өткізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім

беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың» үлгі ережесінде «Бірінші сыныптың бірінші жарты жылдығында оқу материалдарын меңгеру деңгейіне баға қойылмайды», -деп жазылған. «2005-2006 оқу жылында 12 жылдық білім беру жағдайында бірінші эксперименттік сыныбына қабылдау мен оқыту бойынша «әдістемелік нұсқауда оқу әрекетін бағалауда 5- балдық бағалау жүйесі, сондай-ақ басқа да бағалау шкаласы қолданылмайды. Бірінші эксперименталды сыныптың мұғалімі оқушыларды «жұлдызша», «қояндар» т.б. белгілерімен бағалауға болмайды. Осы оқу кезеңінде балалар «Жарайсың!», «Ақылды!», «Сен өте қабілеттісің!» деген сияқты т.б. сөздермен ауызша мадақталады. Білім нәтижелерін бағалайтын негізгі көрсеткіш стандарттың міндетті деңгейіне сәйкестік емес, жеке тұлғаның өсу деңгейі болып саналады. Баға қоймай оқыту жағдайында әр оқушының жетістігін өзгелермен салыстырмалы түрде емес, оның жеке тұлға ретінде өзін-өзі бағалауына мүмкіндік жасау керек делінген. Бірақ мұғалімдерге баға қоймай оқыту жағдайында оқушының оқу жетістігін бағалау әдістерін көрсетпеген. Сондықтан жеке тұлғаның өсу деңгейінің динамикасы жасалынбаған [3].

Оқытудағы және тұтас әлемдегі заманауи қарқынды дамуы кезеңінде, Қазақстан оқытудың дәстүрлі әдістерінің балалар әлеуетінің толық дамуы үшін жеткіліксіз болып отырған факті алдында тұр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде өмір бойы білім алуға, оқудың барлық деңгейінде сапалы білім алуға жол ашатын білім беру жүйесінің ұлттық моделінің дамуына барынша жағдай жасалғаны аталады. Бастауыш мектепке арналған жаңа стандарт дәстүрлі технологиядан жеке бағытталған сипаттағы оқытуды дамытатын технологияларға ауысуды талап етеді.

Әр уақытта білім мен білікті тексерудің әр түрлі жолдары жүзеге асырылады. Жылдан жылға бағаларды қоюдың тәсілдері, түрлері, бақылау өлшем іс-шаралардың мазмұны мен оны өткізу құрылымы, оқушыларға әсер ету шаралары, уәж ету элементтері және де басқа факторлар өзгеріп отырады.

Көп уақыт аралығында бағалау оқушылардың жетістіктерін басқа оқушылармен салыстырудан тұрды және бұл тәсілдің келесі кемшіліктері бар:

- оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға түсінікті оқыту жетістіктерін бағалаудың нақты критерийлері жоқ;
- мұғалімдер сыныптың орташа білімін ескеріп бағыттталып бағаны қояды;
- қойылған бағалар оқушылардың пән бойынша оқу бағдарламаның әр бір бөлімдері бойынша алған білім, білік, икем мен дағдыларын айқындап көрсетпейді, яғни әрбір оқушының оқу траекториясын анықтауға мүмкіндік бермейді;
- қорытынды бағаны қою барысында ағымдағы бағалар ескеріледі, яғни оқытудың соңғы нәтижесін бағалау объективті боламайды;
- оқушылардың оқуға деген уәждемесін тудыратын мұғаліммен олардың арасында байланыс жоқ.

Оқушылардың оқу жетістіктерін әділ және шынайы бағалау жүйесі, білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі болып саналады.

Осы уақытқа дейін білім мен білікті тексерудің түрлі әдістері қолданылып келді. Алайда тарихи даму үдерісінде бағалаудың түрлері мен тәсілдері, бақылау-өлшем іс-шаралары, оның мазмұны, оқушыларға әсері, ынталандыру элементтері және басқа факторлар өзгеріп отырды.

Қазіргі уақытта білім беру үдерісінің жүйелі болуы керек екеніне ешкім күмән келтірмейді, олай болмаған жағдайда оның нәтижелігі төмендейді. Оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын дұрыс бағыттай отырып қана оқушылардың бірін-бірі толықтырып отыратын қайшылықсыз педагогикалық әсерге қол жеткізуге болады.

Онымен қоса, осы үдеріс аясындағы әр әрекет мақсатты бағытталған, яғни белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған және соған жетуге жетелейтін болуы керек.

Білім беруге қойылған талаптардың қарапайымдылығына қарамастан, оларды толықтай жүзеге асыру қиындығы жоғары объективті және субъективті себептерге келіп тіреледі. Сол арада, бірыңғай оқыту-тәрбиелеу кеңістігіндегі нақты оқу орнының аясында, білім алушы тұлға нысанда болған жағдайда қалыптастыру міндеті өте өзекті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының Бағдарламасы, үшінші басылым, «НЗМ» ДББҰ, 2012.
2. Бешімбаева Қ.Е. Білім алушының тілдік құзыреттілігін жетілдірудегі критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік нұсқау, 11-бет.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Информатика» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», 55-бет, 107-бет.

Мусаева А.Қ., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Дене мәдениеті және спорт, ДШЖС-42 тобының студенті
(*Ғылыми жетекшілер – п.ғ.к., доцент А.Н.Иманбетов., п.ғ.к., профессор Н.Р. Раматов*)

ӘЙЕЛДЕР СПОРТЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында саяси-идеологиялық, рухани тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпақты салаутты рухта тәрбиелеу өзекті мәселеге айналып отыр[1].

Мұндай мазмұндағы мемлекеттік талап-міндеттер, бүгінде жас ұрпақты деншынықтырумен айналысуға шақыруы жалпы ұлттық сипатқа ие болып отырғандығын көрсетеді. Бұл бағыттағы күрделі тәрбие үдерісі әр отбасынан бастау алып, білім беру жүйелерінде үздіксіз, кешенді жүргізілуін талап етеді[2].

Жастарды салаутты өмір салтына шақыруда тәрбиенің құрамдас бөлігі және біздің анықтауымызша жастардың отанға деген сезімін қалыптастыруға бағытталатын мақсатты ұйымдастырылған және басқарылатын психологиялық-педагогикалық үдеріс болып табылады. Спорттағы жетістіктер, ерлік патриотизмнің ең жоғары әлеуметтік белсенділігі тұрғысында жеке тұлғаның мінез-құлқы мен санасында нақты сапалық көріністерді білдіреді.

Әлемдегі дамыған елдер қатарына теңесу тікелей өз отанын сүйетін, отаншыл ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты болатынын ескерсек, өскелең ұрпақты тек рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде, тәрбиелеу бүгінгі мемлекетіміздің басты ұстанымы болып отыр[3].

Сондықтан, Елбасы –өзінің бағдарламаларында біз басқа өркениетке ұмтылған елдер секілді өскелең ұрпақты салаутты өмір салтын ұстанып деншынықтырумен күнделікті шұғылдануға талпынуымыз қажет екенін ескертеді[4].

Біз барлық оқу орындарында, оның ішінде арнайы мамандандырылған спорт мектептеріндегі спорттық жаттығуларда, әйелдер спорты түрлерінде бұл мәселелерде ғылыми педагогикалық тұрғыда арнайы зерттеудің қажет екендігі анықталды.

Алдағы уақытта Қазақстанды әлемге мойындататын нағыз шынайы қазақстандық рухы бар, отаншыл жастар ғана таныта алады.

Жалпы қай қоғам болмасын сол қоғамға лайықты ұрпақ тәрбиелеуге тырысқан. Біз қозғағалы отырған әйелдер спорты қазақстанда кенже қалып қойған саланың бірі. Әйелдер болашақ жас ұрпақты өмірге келтіретін ана десек, қай кезде болмасын ұрпақ тәрбиесінде өзекті мәселе болған.

Республикамыздағы спорт мектептері мардымсыз жұмыс жүргізіуде деген сауал туатыны белгілі, осы тұрғыда әйелдер спорты осы мардымсыз дамыған болып қалуда. Біздің тандап алып отырған мәселе осы жағдайлардан туындап отыр.

Әйелдер спорты көрші ресей мемлекетінде де даму үстінде. Сондықтанда оқу-жаттығуларына арналған әдістемелік құралдар аздық етіп отыр.

Шет елдік зерттеушілер ғылыми еңбектерге шолу жасау барысында түйгеніміз, болашақ спортшылар дайындайтын арнайы спорт мектептерінде немесе еліміздің намысын қорғап жүрген спорт мектептеріне қатысты мәселе арнайы ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде қарастырылмаған және де бұлар туралы мұрағат құжаттары, озық тәжірибелер тарихи-педагогикалық тұрғыда толық қанды зерделенбеген.

Бұл айтылғандардан әйелдер спортының дамуына ат салысып, жеткілікті дәрежеде назар аударылмайтындығы арасында және арнайы спорт мектептеріндегі әйелдер спорты арқылы